

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы конвенцияға Хаттаманы бекіту туралы
Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 24 маусымдағы N 399-І Заңы

3. Осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттер арасында 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция және оған жасалған 1997 жылғы 28 наурыздағы Хаттама өзінің қолданылуын тоқтатады.

Мәскеуде 1997 жылғы 28 наурызда жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы конвенцияға Хаттама бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

**Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша
құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы
1993 жылғы 22 қаңтардағы Конвенцияға
Хаттама**

Қол қойғандар:

Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Украина

Ратификациялық грамоталарды тапсырды:

Беларусь Республикасы - 1997 жылғы 18 желтоқсанда депонирленген;
Украина - 1998 жылғы 22 қыркүйекте депонирленген;
Қазақстан Республикасы - 1999 жылғы 18 тамызда депонирленген;
Тәжікстан Республикасы - 2000 жылғы 18 қаңтарда депонирленген;
Армения Республикасы - 2000 жылғы 11 мамырда депонирленген;
Ресей Федерациясы - 2000 жылғы 11 желтоқсанда депонирленген;

Молдова Республикасы - 2003 жылғы 26 мамырда депонирленген
(ескертулермен).

Протокол 1999 жылғы 17 қыркүйекте күшіне енді

Келесі мемлекеттер үшін күшіне енді:

Беларусь Республикасы - 1999 жылғы 17 қыркүйекте;
Украина - 1999 жылғы 17 қыркүйекте;
Қазақстан Республикасы - 1999 жылғы 17 қыркүйекте;
Тәжікстан Республикасы - 2000 жылғы 16 ақпанда;
Армения Республикасы - 2000 жылғы 9 маусымда;
Ресей Федерациясы - 2001 жылғы 9 қаңтарда;
Молдова Республикасы - 2003 жылғы 24 маусымда.

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы Конвенцияға қатысушы - мемлекеттер аталған Конвенцияға мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге уағдаласты:

1. 1-баптың 2-тармағы "прокуратураға" деген сөзден кейін үтір арқылы "ішкі істер органдары" (әрі қарай - мәтін бойынша) деген сөздермен толықтырылсын.
2. 5 және 6-баптар мына редакцияда жазылсын:

"5 бап

Қатынастар тәртібі

Егер осы Конвенциямен қатынастардың өзге тәртібі белгіленбесе, осы Конвенцияны орындау кезінде Уағдаласушы Тараптардың құзыретті әділет мекемелері өздерінің орталық, аумақтық және басқа органдар арқылы бір-бірімен қатынас жасайды. Уағдаласушы Тараптар тікелей қатынастарды жүзеге асыруға уәкілетті өздерінің орталық, аумақтық және басқа органдарының тізбесін анықтайды, бұл туралы депозитарийге хабарлайды.

6 бап

Құқықтық көмек көлемі

Уағдаласушы Тараптар сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен көзделген іс жүргізу және басқа әрекеттерді орындау, соның ішінде құжаттарды құрастыру және салып жіберу, тексерулер, тінтулер, алып қоюлар жүргізу, заттай дәлелдемелерді жіберу, сараптама өткізу, тараптардан, үшінші тұлғалардан, сезіктілерден, айыпталушылардан, жәбірленушілерден, куәгерлерден, сарапшылардан жауап алу, тұлғаларды іздестіру, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе үкімді орындау үшін тұлғаларды ұстап беру, азаматтық істер жөніндегі сот шешімдерін, азаматтық талап-арыз бөлігіндегі үкімдерді, орындау жазбаларын тану және орындау жолымен, сол сияқты құжаттарды тапсыру жолымен бір-біріне құқықтық көмек көрсетеді".

3. 7-баптың 1-тармағының "г" тармақшасында:

"сезіктілердің" деген сөзден кейін "айыпталушылардың" деген сөзбен толықтырылсын,

"оның атауы мен тұрған орны" деген сөздер "оның атауы, заңды мекен-жайы және/немесе тұрған орны" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Конвенцияның 9-бабының 4-тармағы мына редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, бір Уағдаласушы тараптың аумағында тұратын адамдарды екінші Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне шақыру, ол келмей қалған жағдайда, мәжбүрлеу құралын қолдану қатері болмауға тиіс".

5. Конвенцияның 14-бабы мына редакцияда жазылсын:

"14 бап

Азаматтық хал-күйі туралы құжаттарды және басқа құжаттарды салып жіберу

1. Уағдаласушы Тараптар құжаттарды салып жіберу туралы азаматтарға хабарлай отырып азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді Уағдаласушы Тараптың тікелей азаматтық хал актілерін тіркеу органдары арқылы бір-біріне аударым жасамай-ақ және тегін салып жіберуге міндеттенеді.

2. Уағдаласушы Тараптар білімі, еңбек стажы туралы құжаттарды және сұрау салынған Уағдаласушы Тарап азаматтарының және оның аумағында тұратын өзге де адамдардың жеке немесе мүлктік құқықтары мен мүдделеріне қатысты өзге де құжаттарды бір-біріне аударым жасамай-ақ және тегін салып жіберуге міндеттенеді".

6. 17-бап мына мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Құжаттар Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттік тілдерінде дайындалған жағдайда куәландырылған орыс тіліндегі аудармалары оларға қоса беріледі".

7. 19-бап мына редакцияда жазылсын:

"19-бап

Құқықтық көмек көрсетуден бас тарту

Егер осындай көмек сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың егемендігіне немесе қауіпсіздігіне залал келтіруі мүмкін болса не заңдарына қайшы келсе, құқықтық көмек көрсету жөніндегі өтініштен толық немесе ішінара бас тартылуы мүмкін. Құқықтық көмек көрсету жөніндегі өтініштен бас тартылған жағдайда сұрау салушы Уағдаласушы Тарап бас тартудың себептері туралы жедел құлақтандырылады".

8. Конвенция мына мазмұндағы 22¹-баппен толықтырылсын:

"22¹-бап

Прокурордың азаматтық процеске қатысуы жөніндегі өтініші

Уағдаласушы Тараптардың біреуінің прокуроры сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы істі сотта қозғау туралы, осындай істерді қарауға қатысу немесе жоғары сатыда тұрған сотқа кассациялық немесе жеке наразылық келтірту, сол сияқты осындай істер бойынша сот қаулыларына қадағалау тәртібімен наразылық келтіру туралы өтінішпен келесі Уағдаласушы Тараптың прокурорына жүгінуге құқылы".

32-бап мына редакцияда жазылсын:

"32 бап

Ата-аналардың және балалардың құқықтық қатынастары

1. Ата-аналардың және балалардың құқықтары мен міндеттемелері, соның ішінде ата-аналардың балаларды асырау жөніндегі міндеттемелері аумағында олардың тұрақты тұратын орны бар Уағдаласушы Тараптың заңдарымен анықталады, ал ата-аналар мен балалардың тұрақты бірлескен тұратын орны жоқ болған жағдайда, олардың құқықтары мен міндеттері бала азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен анықталады.

Талапкердің алименттік міндеттемелері жөніндегі талаптары бойынша бала тұрақты тұратын аумақтағы Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

2. Кәмелетке толған балалардың ата-аналар пайдасы үшін алименттік міндеттемелері, сол сияқты отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері олардың бірге тұрған орны болған аумақтағы Уағдаласушы Тараптың заңдарымен анықталады. Бірге тұрған орны жоқ кезде мұндай міндеттемелер талапкер азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен анықталады.

3. Ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастар туралы істер бойынша заңдары осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес қолдануға жататын Уағдаласушы Тараптың соты құзыретті.

4. Балаларды тәрбиелеуге байланысты істер бойынша соттың шешімдерін орындау бала тұратын аумақтағы Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5. Жауапкер келесі Уағдаласушы Тараптың аумағында тұрады деп жорамалдауға негіз бар болғанда, және сот оны іздестіруді жариялау туралы анықтау шығарғанда, Уағдаласушы Тараптар алименттерді өндіріп алу жөніндегі істер бойынша бір-біріне жауапкерді іздестіруде көмек көрсетеді".

10. Конвенцияның IV тарауының атауы мына редакцияда жазылсын:

"IV тарау. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар".

11. Конвенцияның IV тарауының III бөлігінің атауы мына редакцияда жазылсын:

"III бөлім. Құқықтық көмек пен қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы арнайы ережелер".

12. 58-баптың 1-тармағы мына редакцияда жазылсын:

"Ұстап беру туралы талапта мынадай мәліметтер болуға тиіс:

а) сұрау салушы және сұрау салынатын мекемелердің атауы;

б) әрекеттердің нақты мән-жайларының сипаттамасы мен сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың заңының мәтіні, соның негізінде бұл әрекет қылмыс деп танылады, осы заңмен көзделген жазалау шаралары көрсетіледі;

в) ұстап беруге жататын адамның тегі, аты, әкесінің аты, тұрған және мекендеген орны, мүмкіндігіне қарай - сыртқы сипаттамасы, суреті мен саусақтарының таңбалары және оның жеке басына байланысты өзге де мәліметтер;

г) қылмыспен келтірілген шығынның мөлшері туралы деректер".

13. 60-бап мына редакцияда жазылсын:

"60-бап

Ұстап беру үшін іздестіру және күзетке алу

Ұстап беру туралы талапты алуы бойынша сұрау салынған Уағдаласушы Тарап, ұстап беру жүргізіле алмайтын жағдайларды қоспағанда, ұстап берілуі талап етілетін адамды бірден іздестіру және күзетке алу шараларын қабылдайды".

14. Конвенция мына мазмұндағы 61¹ және 61²-баптармен толықтырылсын:

"61¹-бап

Ұстап беру туралы талаптар алынғанға дейін адамды іздестіру

1. Уағдаласушы Тараптар оны ұстап беру туралы талаптар алынғанға дейін, бұл адам сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында тұра алады деп жорамалдауға негіздер бар болған кезде, тапсырыс бойынша адамды іздестіру жүргізіледі.

2. Іздестіруді жүзеге асыру жөніндегі тапсырыс 7-баптың ережелеріне сәйкес жасалады және іздестірілетін адамның оның тұрған орнын анықтауға мүмкіндік беретін кез келген басқа ақпаратпен бірге іздестірілетін адамның анағұрлым толық сипаттамадан, осы адамды ұстап беру туралы талаптың қойылатыны көрсетілген оны күзетке алу туралы өтініштен тұруға тиіс.

3. Іздестіруді жүзеге асыру жөніндегі тапсырысқа құзыретті органның күзетке алу туралы шешімінің не заңды күшіне енген үкімінің куәландырылған көшірмесі, жазаның орындалмаған бөлігі туралы мәліметтер, сондай-ақ сурет пен қол саусақтарының таңбалары (егер мұндайлар бар болса) қоса беріледі.

4. Іздестірілетін адамның күзетке алынғаны немесе іздестірудің басқа да нәтижелері туралы сұрау салушы Уағдаласушы Тарап бірден хабарландырылады.

61²-бап

Күзетте ұстау мерзімін есептеу

Осы Конвенцияның 60, 61, 61¹-баптарының ережелеріне сәйкес күзетке алынған адамды күзетте ұстау уақыты, ол ұстап берілген жағдайда, осы адам ұстап берілген Уағдаласушы Тараптың заңдарымен көзделген күзетте ұстаудың

жалпы мерзіміне есептеледі.

15. 62-бап мына редакцияда жазылсын:

"62-бап

Ұсталған немесе күзетке алынған адамды босату

1. Егер сұрау салушы Уағдаласушы Тараптан осы адамды босату қажеттігі туралы хабар келіп түссе, ұстап беру туралы талап оған барлық қоса берілген, 58-баппен көзделген құжаттар сұрау салынған Уағдаласушы Тараппен адам күзетке алынған күннен бастап қырық күннің ішінде алынбаған болса, 61-баптың 1-тармағына және 61¹-бапқа сәйкес күзетке алынған адам босатылуға тиіс.

2. Егер 61-баптың 1-тармағына сәйкес оны күзетке алу туралы өтініш ұстау үшін заңдармен көзделген мерзім ішінде келіп түспесе, 61-баптың 2-тармағына сәйкес ұсталған адам босатылуға тиіс".

16. Конвенция мына мазмұндағы 67¹-баппен толықтырылсын:

"67¹-бап

Қайта ұстау немесе күзетке алу

59-баптың 2-тармағына, 62-баптың 1 және 2-тармақтарына және 67-бапқа сәйкес адамды босатуды ұстап беру туралы талап қайта алынған жағдайда талап етілетін адамды ұстап беру мақсатында оны қайта ұстауға және күзетке алуға кедергі болмайды".

17. 70-баптың 1-тармағы "басқа Уағдаласушы Тарапқа ұстап берілген" деген сөздерден кейін "немесе уақытша берілген" деген сөздермен толықтырылсын".

18. 71-бап "ұстап беруге байланысты" деген сөздерден кейін "немесе уақытша берілген" деген сөздермен толықтырылсын.

19. Конвенция мына мазмұндағы 76¹-баппен толықтырылсын:

"76¹-бап

Үкімдерді тану

Адамды аса қауіпті кәнігі қылмыскер деп тану туралы, қылмысты қайта жасау фактілерін анықтау және шартты соттау, үкімнің орындалуын кейінге қалдыруға немесе шартты-мерзімінен бұрын босатуға байланысты міндеттерді бұзу жөнінде мәселелер шешілген кезде, Уағдаласушы Тараптардың әділет

мекемелері бұрынғы КСР Одағының және оның құрамына кірген одақтас республикалардың соттары (трибуналдары), сол сияқты Уағдаласушы Тараптардың соттары шығарған шешімдерді тани және ескере алады.

20. Конвенция мына мазмұндағы 78¹-баппен толықтырылсын:

"78¹-бап

Күзетке алынған немесе бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан адамды уақытша тапсыру

1. Басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында күзетте ұсталған немесе бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан адамнан куәгер немесе жәбірленуші ретінде жауап алу, сол сияқты оның қатысуымен өзге де тергеу әрекетін жүргізу қажеттілігі кезінде, бұл адам оның азаматтығына қарамастан, мүдделі Уағдаласушы Тараптың негізгі өтініші бойынша сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың Бас прокурорының шешімімен оны күзетте ұстау және белгіленген мерзімде қайтару шартымен уақытша тапсырыла алады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамды уақытша тапсыру туралы өтініш 7-баптың ережелеріне сәйкес толтырылады және онда осы адамның сұрау салушы Уағдаласушы Тарапта болуы талап етілетін уақыты көрсетілуге тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамды уақытша тапсыру:

а) егер мұндай тапсыруға оның келісімі алынбаса;

б) сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағында алдын ала тергеуге немесе соттың талқылауына оның қатысу қажеттілігі жағдайында;

в) мұндай тапсыру осы адамды күзетте ұстаудың немесе оның бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеушінің белгіленген мерзімдерін бұзуға әкеп соғуы мүмкін болса жүргізілмейді.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамға 9-баптың тармағымен көзделген кепілдіктер қолданылмайды".

21. Конвенция мына редакциядағы 80-баппен толықтырылсын:

"80-бап

Қатынастардың айрықша тәртібі

Ұстап беру және қылмыстық қудалау мәселелері бойынша қатынастарды Уағдаласушы Тараптардың бас прокурорлары (прокурорлары) белгіленген тәртіппен жүзеге асырады".

Осы Хаттама бекітуге жатады және жоғарыда аталған Конвенцияның 83-

бабымен көзделген тәртіппен күшіне енеді.

Осы Хаттамаға ол күшіне енгеннен кейін барлық Уағдаласушы Тараптардың келісуімен басқа мемлекеттер де осындай қосылу туралы құжаттарды депозитариге тапсыру жолымен қосыла алады. Осындай қосылуға келісу туралы соңғы хабар депозитариге алынған күннен бастап қосылу күшіне енген болып саналады.

1997 жылғы 28 наурызда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данасында жасалады. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Елдер Достастығы Атқару Хатшылығында сақталады, ол осы хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасы үшін Молдова Республикасы үшін

Армения Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін

Беларусь Республикасы үшін Тәжікстан Республикасы үшін

Грузия үшін Түрікменстан үшін

Қазақстан Республикасы үшін Өзбекстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін Украина үшін